

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеишова – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Руслан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_56-69

FTAMP 03.20.00

СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955)

А.А. Бекенова* 

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: bek.alma_81@mail.ru (Бекенова).

Аңдатпа. Бұл мақалада Ұлы Отан соғысынан кейінгі онжылдықтағы Қазақстан шаруаларының мерекелеу мәдениеті қарастырылады. Автор мұрағат, газет, сауалнама материалдары негізінде 1945-1955 жылдардағы мерекелердің түрлерін, мерекелерді ұйымдастырушы мекемелерді, мерекелер өтетін орындарды, оларды ұйымдастырушыларды, шаруалардың мерекелеу мәдениетін анықтаған. Соғыстан кейінгі онжылдықта Халық шығармашылығы республикалық үйінің, көркемөнерпаздар үйірмелерінің мерекелерді ұйымдастырудағы қызметі талданған. Шаруалар үшін мерекелік кештер мен мерекелік дәріс оқуларын өткізу, отгондарда малшылар үшін қызыл отаулар жұмыс жасап, оларда алдыңғы қатарлы тәжірибелерді насихаттаумен қатар, көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысы да жүргізілгендігі зерделенген. Мақалада зерделенген онжылдықтағы және сол кезеңнен бері қазіргі уақытқа дейін жеткен мерекелердің түрлеріне талдау жасалынған. 1945 жылдан кейін пайда болған 9 мамыр мерекесінің тарихи дамып, 1 мамыр – Қазақстан халық бірлігі мейрамының да қазіргі уақытқа дейін мерекеленуінің, жалпыхалықтық сипатта сақталуы талданған. Қазақ тіліндегі «мейрам» және «мереке» сөздерінің мағыналары ұқсас болғанымен, ерекшеліктеріне талдау жасалынып, өзіндік түсінік берілген.

Түйін сөздер: КСРО, Ұлы Отан соғысынан кейінгі онжылдық, мереке, мерекелеу мәдениеті.

МРНТИ 03.20.00

КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955)

А.А. Бекенова*

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: bek.alma_81@mail.ru (Бекенова).

Аннотация. В данной статье рассматривается культура празднования среди крестьян Казахстана в десятилетие после Великой Отечественной войны. Автор на основе архивных, газетных, опросных материалов определил виды праздников в период 1945-1955 годов, учреждения-организаторы праздников, места проведения праздников, их организаторов, культуру празднования крестьянства. В работе проанализирована деятельность Республиканского Дома народного творчества, самодеятельных кружков по организации праздников в послевоенное

десятилетие. Изучено проведение праздничных вечеров и праздничных лекционных чтений для крестьян, работа красных юрт для животноводов на отгонах, не только пропаганды передового опыта в них, но и работы кружков художественной самодеятельности. В статье анализированы виды праздников изученного десятилетия, в том числе и дошедшие с того периода до настоящего времени. Проанализировано историческое развитие и сохранение во всенародном сознании праздника 9 мая, возникшего после 1945 года, и сохранение до настоящего времени празднования 1 Мая – праздника народного единства Казахстана. Несмотря на схожие значения слов «мейрам» и «мереке» в казахском языке, были проанализированы особенности данных слов и дано свое понимание.

Ключевые слова: СССР, десятилетие после Великой Отечественной войны, праздник, культура празднования.

IRSTI 03.20.00

CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955)

A.A. Bekenova*

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Kazakhstan, Almaty.

* Correspondent author

E-mail: bek.alma_81@mail.ru (Bekenova).

Abstract. This article discusses the culture of celebration among the peasants of Kazakhstan in the decade after the Great Patriotic War. The author, on the basis of archival, newspaper, questionnaire materials, determined the types of holidays in the period 1945-1955, the institutions organizing the holidays, the venues for the holidays, their organizers, the peasantry's culture of celebrating. The work analyzes the activities of the Republican House of Folk Art, amateur circles for organizing holidays in the post-war decade. The organization of festive evenings and festive lectures for peasants, the work of red yurts for livestock breeders on distant pastures, not only promotion of best practices in them, but also the work of amateur art circles were studied. The article analyzes the types of holidays of the decade under study, including those that have come down from that period to the present. The historical development and preservation in the public consciousness of the holiday of May 9, which arose after 1945, and the preservation to the present day of the celebration of May 1 – the holiday of national unity of Kazakhstan are analyzed. Despite the similar meanings of the words «meiram» and «mereke» in the Kazakh language, the features of these words were analyzed and their understanding was given.

Key words: USSR, decade after the Great Patriotic War, holiday, culture of celebration.

Кіріспе. Ұлы Отан соғысынан кейінгі онжылдық Қазақстан шаруалары үшін өте ауыр жылдар болып есептеледі. Себебі соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстарына азаматтарды жұмылдыру Қазақстан аумағында ғана емес, Қазақстаннан тыс аумақтарға көмекке еліміздің азаматтарымен қатар шикізат, өнеркәсіп жабдықтары, жанар-жағар май, азық-түлік тонналап жіберілді. Сонымен қатар, соғыстан кейінгі онжылдық тарихта өзіндік ерекшеліктерімен қалды: көшірілген ауыр және жеңіл өнеркәсіппен қатар ғылыми және мәдениет ошақтарының қарқындап дамуы; соғыс жылдарындағы көшірілген халықтардың қазақ қоғамына өзіндік ұлттық сипатын енгізуі; тың және тыңайған жерлердің игерілуі; космосты игерудегі алғашқы қадамдар т.б.

Осындай ғылым мен техниканы қарқындап игеру кезеңінде соғыстан кейінгі онжылдықтағы Қазақстан шаруаларының күнделікті тұрмысы қандай болды? Күнделікті тұрмыстағы мерекелеу мәдениеті қандай болды? деген сұрақтарды қойғанда көз алдымызға таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеген, кейде тіпті жоспарды асырып орындау жолындағы

азаматтарымыз, стахановшыларымыз келеді. Ал олардың күнделікті қарапайым тұрмысын зерттегеннің өзінде, мерекелеу мәдениетін жеке алып қарастыру біраз мәселе туындатары анық.

Материалдар мен әдістер. Соғыстан кейінгі онжылдықтағы Қазақстан шаруаларының мерекелеу мәдениеті тақырыбында материалдардың сирек кездесетіні белгілі. Сондықтан осы тақырыпты зерделеу барысында архив материалдарымен қатар сол жылдардағы күнделікті тұрмыстың бейнесін нақты беретін газеттердің материалдары дереккөздер ретінде пайдаланылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 1862 қорының 1 тізімдемесінің №45, 56а, 60, 61, 70, 72, 73, 83, 84, 85, 91, 92, 99, 100, 102, 112, 113, 114, 118 істері, сондай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінің 1945-1955 жылдар аралығындағы жарық көрген сандары зерделенді. Сонымен қатар әлеуметтік сауалнама әдісі арқылы алынған деректер, нақтылап айтсақ, сол жылдардың тікелей куәгерлерінің естеліктері пайдаланылады.

Тақырыпты зерделеу барысында алдымен логикалық-талдау және тарихи әдістерді пайдаланып, соғыстан кейінгі онжылдықтағы құбылыстар мен оқиғалар мұрағат және газет материалдары, сауалнама деректері негізінде талданады. Математикалық әдіс арқылы зерделенген уақыт аралығында қанша мереке түрінің болғандығын анықтау. Соның негізінде хронологиялық әдісті қолдана отырып, 1945-1955 жылдар аралығында тойланған мерекелердің кестесі жасалынады. Ретроспекция әдісін пайдалану үшін соғыстан кейінгі онжылдық аз уақыт болғанымен, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда мерекелердің, әсіресе 1945 жылдан кейін пайда болған 9 мамыр мерекесінің тарихи дамуы, қазіргі уақытқа дейін жалпыхалықтық сипатта сақталуы зерделенеді. Зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісін пайдаланып, күнделікті тұрмыстағы мерекелеудің жылдар бойынша өзгеруін, сондай-ақ қазіргі уақыттағы мерекелеумен ерекшелігін салыстырамыз. Соңында моделдеу әдісі арқылы соғыстан кейінгі онжылдықтағы күнделікті тұрмыстағы мерекелеудің ортақ көрінісі жасалынады. Өзектілік әдісі арқылы соғыстан кейінгі күнделікті мерекелеудің, жалпы мерекелердің болашақ ұрпаққа беретін маңыздылығын аша отырып қорытындыланады.

Талқылау. Осы кезең тақырыбына зерттеу жүргізген ғалымдарымыз баршылық: Соғыстан кейінгі кезеңде Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы (1946-1959 жж.) (Аскарова, 2004:8-10), Қазақстан ауылдары мен селоларының 1946-1980 жылдардағы әлеуметтік жағдайы: тарихы мен сабақтары (Әліқұлов, 2001:120-149), Қазақстан шығармашылық Одағы және олардың мәдени-рухани қызметі (1946-1970 жж.) (Сатпаев, 1995:198-202), Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2000 жж.) (Журасова, 2003:3-5), Қазақстанда әміршіл-әкімшіл социализм жүйесін қалыптастырудың сталиндік концепциясының мерзімді басылымдарда насихатталуы (1925-1956 жж.) (Махат, 2007:6-7), Қазақстан ауыл-селоларының қоғамдық саяси өмірі (1946-1960 жж.) (Слямбеков, 1992:171-175), Қазақстанның ауыл шаруашылық интеллигенциясы (1946-1965 жж.) (Төлеубаева, 1995:151-172). К. Қабылғазының «Дәуір үні» еңбегінде 1946-1951 жылдардағы Қазақ радиосының қызметі зерделеніп, мерекелер туралы хабарлардың радиодан қалай берілгендігін атап өтеді (Қабылғазы, 2003:152;162).

Ал шетелдік басылымдардан С.В. Соколовский «Этнографическое обозрение» журналында 1975-2000 жылдар аралығында мерекелерді, мерекелеу салтын зерттеуге байланысты жиырма шақты мақала мен бес хабарламаның, сондай-ақ жарияланымдар мен конференция материалдарына қатысты бірқатар рецензиялардың жарық көргенін атап өтеді (Соколовский, 2004:47). Аталған жиырма бес жылда мерекелерді зерттеу бойынша санаулы мақаланың ғана жариялануынан осы тақырыпқа шетелдік ғылыми кеңістікте аз зерттелгенін байқаймыз. Д. Горин «От карнавала к литургии: мотивы атеистической космогонии в главном советском празднике» мақаласында кеңестік қоғамда сталиндік тәртіптің бекуімен қараша шерулерінің өзінде карнавалдық мәдениеттің көрініс бергенін, халықтық шерулерге қарағанда жеңісті салтанатты бейнелеу орын алғандығын, мерекелік ұрандардың өзі алдын ала басты газеттерде жарияланғанын жазады. Өмірлік ағымның орнына қатаң ұйымдастырушылық орын алып, мерекенің көшеден салтанатты жиындарға, концерттерге ұласқандығын көрсетеді. Посткеңестік мемлекеттік мерекелер ерекшеленгенмен, мәдени тенденцияның трансформациялануын көреміз деп ой түйіндейді (Горин, 2015:86, 88). И.В. Голиусова «Alma Mater» ғылыми журналының 2013 жылғы

№ 5 санында Д.М. Генкиннің, О.Л. Орловтың, М.М. Бахтиннің еңбектерінің негізінде мереке түсінігін жан-жақты талдай келе, мерекенің гуманистік мәні: адамның табиғатпен және басқа адамдармен өзара үйлестігінде, гуманистік құндылықтардың бекуінде, мерекенің белгіленген ережелерімен әркімнің келісінде, мерекеге қатысушылардың қолдауында, салт-дәстүрдің сақталуы мен берілуінде деген қорытындыға келеді.

Жоғарыда аталған зерттеулерге шолу жасау, Қазақстанның соғыстан кейінгі онжылдықтағы шаруаларының күнделікті тұрмысы тақырыбында (әсіресе сол жылдардағы мерекелеу мәдениетін) кешенді зерттеу қажеттілігін айшықтайды.

Нәтижелер. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 1862 қорының 1 тізімдемесінің №45, 56а, 60, 61, 70, 72, 73, 83, 84, 85, 91, 92, 99, 100, 102, 112, 113, 114, 118 істерін зерделеу барысында Ұлы Отан соғысынан кейінгі онжылдықта мерекелерді ұйымдастыруда Халық шығармашылығы республикалық үйінің (бұдан әрі – ХШРҰ) басты орын алғандығы анықталды. ХШРҰ әсіресе колхоздар мен совхоздарда мерекелерді ұйымдастырған, сол үшін өздерінің қызметкерлерін арнайы әдістемелік көмек көрсетуге жіберген:

«Беремін осы арызды сол туралы: Мен май мейрам күндерінде 1, 2, 3 сағат 3 тен 6 ға дейін жұмыс істеген едім. Сол күндерім үшін маған 11/V – 12/V-53 демалыс берсеңіз екен» (ҚР ОМА, 112:5).

«В связи с подготовкой к празднованию дня «Шахтера» командировать инспектора по драме РДНТ тов. Лапина В.И. для оказания методической помощи на местах кружка художественной самодеятельности в Южно Казахстанскую и Актюбинскую области» (ҚР ОМА, 60: 22-23; 91:7).

«На время праздника XXXI – годовщины Октябрьской Социалистической Революции приказываю:

7-го ноября	1. Кальменев М.А.	с 10 ч. – 13 ч.
	2. Ишимова А.	с 13 ч. – 17 ч.

8-го ноября	1. Савенко И.А.	с 10 ч. – 13 ч.
	2. Кенганова Х.К.	с 13 ч. – 17 ч.»

(ҚР ОМА, 60:44)

Иссапарланған қызметкерлер көркемөнерпаздар байқауларын ұйымдастыруда да әдістемелік көмек көрсеткен. 1949 жылы республиканың барлық 16 облысынан 203 ауданның 193-де байқаулар өткізілген. 171 ауданда көркемөнерпаздар байқауы өткізіліп, оған 14000-нан аса қатысушы қатысқан. Мысалы, Алма-Ата облысының аудандық байқауына барлық 8 ауданынан 1500-ден аса қатысушы, облыстық смотрына 5 ауданынан 170 қатысушы өнер көрсеткен (ҚР ОМА, 72:3).

1950 жылы Қазақстанда 30 театрлық ұжым, ондаған музыкалық-вокалдық ұжымдар мен ансамблдер, 18 музыкалық, театрлық және көркемдік оқу орындары, Қазақ мемлекеттік консерваториясы, шамамен 5000 көркемөнерпаздар ұжымдары жұмыс істеген (ҚР ОМА, 70:24).

ХШРҰ қызметкерлері әдістемелік көмек көрсетумен қатар, тексеріс те жүргізіп отырған. Тексеріс барысында ауданның кадрмен қамтылуы, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы, жұмыс орны мен құрал-жабдықтары, дәрістік насихаттау жұмысы, кітапханалары, бюджеттік-бюджеттен тыс мәдени-ағарту мекемелерінің жағдайы, аталған мекемелердің жұмысына басшылық, отгондардағы қызыл отаулардың жұмысына дейін қарастырылған. Тексеріс нәтижелері бойынша тексерушілер баянат жасап, Облыстық Партия комитетінің бюросы, Облыстық атқару комитеттері деңгейінде «Облыстың мәдени-ағарту мекемелері жұмысының жағдайы және жетілдіру шаралары» туралы шешімдер шығарылған (ҚР ОМА, 60:22-23; 102:74-81).

Мысалы, 01.01.1952 ж. Алма-Ата селолық ауданында 20 мәдени-ағарту мекемелері болған:

Мәдениет үйі – 1;

Аудандық кітапхана – 1;

Селолық кітапханалар – 9;

Оқу үйлері – 7;

Қызыл отаулар – 2.

Бюджеттен тыс мәдени-ағарту мекемелері – 30;

Кәсіподақ клубтары – 12;

Колхоз клубтары – 14;

Кәсіподақ кітапханалары – 12;

Колхоз кітапханалары – 14.

Аталған мекемелерде шаруалар үшін мерекелік кештер мен мерекелік дәріс оқулары да ұйымдастырылған. Ал отгондарда малшылар үшін қызыл отаулар жұмыс жасап, оларда мал шаруашылығының алдыңғы қатарлы тәжірибелері насихатталумен қатар, малшылар үшін көркемөнерпаздар үйірмелерінің жұмысы да жүргізілген (ҚР ОМА, 102:51).

Бюджеттік желідегі кадрлар саны – 25 болған:

жоғары білімді – жоқ;

арнайы білімді – 1;

жалпы орта білімді – 12;

аяқталмаған орта – 12 (ҚР ОМА, 102:78).

Көріп отырғанымыздай, білікті кадрлардың тапшылығы байқалады. Оның басты себептерінің бірі – соғыста жоғары білімді адам санының азаюымен қатар, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру уақытына сәйкес келетін жылдарда жоғары білімді адамдардың ауылдардағы тапшылығын көреміз. Бұл тенденцияның қазіргі уақытта да орын алып отырғанын, яғни жоғары білімді мамандардың қалаларда қалып отыру үдерісі жалғасуда.

Зерделеніп отырған жылдары ХШРҰ-мен қатар, мәдени-ағарту жұмысының ұйымдастырылуын Республикалық ғылыми-әдістемелік кабинеті (бұдан әрі – РҒӘК) де 6,5 штаттық бірлікте жұмыс жасап, алдыңғы қатарлы мәдени-ағарту мекемелерінің озық тәжірибелерін жинақтап, таратып отырған, республиканың селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жетілдірген. 1952 жылы республикада 6000 шамасында бюджеттік және ведомстволық клубтық мекемелер болған. Сол жылы РҒӘК штат санының аздығынан солтүстік, солтүстік-батыс және шығыс облыстардың клубтарына әдістемелік көмек көрсетуде қиындықтар туындатқан. Барлық мәдени-көпшілік жұмыстар клубтық мекемелерде өткізілген, әсіресе көркемөнерпаздар байқауы ұйымдастырылған. Осы жылы ХШРҰ-нің Қарағанды және Орал қалаларында ғана облыстық Халық Шығармашылығының Үйі бар екендігін ескеріп, және ауылдардағы көркемөнерпаз Қазақ ССР министрлер кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелер ісі бойынша комитеті ұйымдастырғандықтан, ХШРҰ-ін РҒӘК-ке беру туралы қарастырылған (ҚР ОМА, 102:30-31). Алайда ҚР ОМА-нің 118-ісінде 1953 жылы ХШРҰ-нің ауылдық көркемөнерпаздар байқауының материалдарын жинақтағанын көреміз.

Селолық көркемөнерпаздар байқауын ұйымдастыруды, көркемөнерпаздар ұжымының репертуарына дейін ҚазССР Мәдениет министрлігінің тікелей басшылығымен бақыланған (ҚР ОМА, 118:91). Көркемөнерпаздар байқауына селолардың агроном, омарташы, мұғалім, пошташы, мал технигі, кітапханашы, сауыншы, тракторшы және т.б. мамандары мен колхозшылары қатысып, өз өнерлерін көрсеткен (ҚР ОМА, 118:27-30). Осы тұста соғыстан кейінгі жылдарда аталған мамандардың, яғни шаруалардың қаншалықты маңызды болғандығын байқаймыз. Көркемөнерпаздар байқауларында өнерлерін шыңдаған шаруалар мерекелерді ұйымдастыруда да өз өнерлерін көрсетіп отырған.

Көркемөнерпаздар байқауының ұйымдастырылуын КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Мәдениет істері бойынша комитетімен де бақыланып, мәдениет пен өнерді дамытуда көркемөнерпаздар байқауының маңыздылығын бағалаған. Аталған комитет озат колхоздардың тәжірибесін насихаттаудағы республикалық, облыстық, өлкелік және қалалық ХШРҰ-лерінің қызметіндегі кемшіліктерін сынап, түзету бойынша нақты тапсырмаларын беріп отырған (ҚР ОМА, 70:3-5).

ХШРҰ-нің қызметін Қазақ ССР Министрлер кеңесіне қарасты Мәдениет істері бойынша басқармасы тексеріп, қызметінде анықталған кемшіліктерді түзету бойынша бұйрықтар шығарып отырған. Көркемөнерпаздар ұжымдарымен тығыз байланыстар орнату, оларға әдістемелік және шығармашылық көмек көрсету, атап айтқанда, сахналық қойылымдар дайындау, ән мәтіндерін аударуда мағынасын өзгертпей, түпнұсқалығын сақтау, әсіресе бір шығарманың бірнеше

нұсқасының болмауы, аудармаларға қаржы төленетіндіктен осындай кемшіліктерге жол бермеу бойынша қарастырылған. Соның негізінде ХШРҰ алдағы Ұлы Қазан социалистік революциясының мерейтойын, Кеңестік Қазақстанның 30 жылдық мерейтойларына орай республика облыстарындағы көркемөнерпаздар топтарына көмек көрсету, іссапар жоспарларына әдіскерлердің нақты міндеттерін көрсету, бұрынғы аудармаларды іріктеу, республиканың мерейтойлық күндерін ескере отырып, әдістемелік көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын жасау, ХШРҰ-нің әрбір шығармашылық қызметкерінің міндеттерін нақтылау т.б. жұмыстарды жүргізу бұйырылған (ҚР ОМА, 70:19-23).

Нақты мейрамдарды немесе атаулы күндерді мерекелеу бойынша, мысалы, «Қазақ ССР-нің құрылғанына 30 жылдығын», «Шахтер күнін» мерекелеу туралы жекелеген бұйрықтар шығарылған. Қазақ ССР-нің құрылғанына 30 жылдығын мерекелеу бойынша бұйрықта өнер жүйесі мекемелеріне әр мекемеге мерекеге дайындалу және өткізу бойынша нақты іс-шаралар жоспарын жасау, ақындар мен композиторларға жаңа әндер шығару тапсырылған, театрларға үздік қойылымдарын қою, қаладан тыс колхоздарға мерекелік онкүндіктерде қойылымдарын апарып көрсету, мерекелік қойылымдарды дайындау басты режиссерлер мен художниктерге тапсырылған. Қазақ Республикасының 30 жылдығын мерекелеуге байланысты өндірістік-қаржылық жоспардың уақытынан бұрын игерілуі үшін социалистік жарыстар ұйымдастырылған, күрделі жөндеу жұмыстарының ертерек бітуіне дейін ерекше мән берілген. Концерттік әншілер мен ансамблдерге концерттік бағдарламалар жасау, ал мәдениет істері бойынша облыстық бөлімдерге дайындалған концерттік бағдарламаларды қабылдау тапсырылған. Бағдарламалардың әрбір репертуарларын облыстық филармония, КЭБ басшылығы анықтаған. Облыстық филармония мен КЭБ бригадалары колхоздар мен совхоздарға қызмет көрсету үшін аудандарға іссапарландырылған. Мерекелік күндерге еңбекшілерге көркемдік қызмет көрсету үшін Москва, Ленинград, Алма-Ата, Қарағанды, Лениногорск, Балхаш, Гурьев қалаларының жетекші концерттік орындаушыларын шақыру тапсырылған. Орал музыка училищесіне, Қазақ мемлекеттік консерваториясының Алматы музхоркомбинатына мерейтойлық күндерде ашық есеп беру концерттерін беруге тапсырма берілген. Қазақ мемлекеттік консерваториясының студенттері клубтарға, өнеркәсіп орындарына, ірі қалалар жанындағы колхоздарға барып бірқатар концерттер ұйымдастыруы керек болған. Үздік көркемөнерпаздар орындаушыларының концерттерін ұйымдастыруды ХШРҰ мәдениет істері бойынша облыстық бөлімдерінің меңгерушілеріне тапсырылған. Қазақстан суретшілерінің жұмыстарын көрсету үшін Мәдениет істері бойынша басқармасының бейнелеу өнері бөліміне Қазақстан Кеңестік Суретшілер Одағымен бірлесіп, «Қазақ ССР 30 жыл» мерейтойлық көрме өткізуді 1950 жылдың қараша айына жоспарлаған.

25 тамыз «Шахтер күнін» мерекелеуге Қарағанды қаласына Роза Бағланова, Күләш Байсеитова, Досымжанов, Портнова, Ш.К. Айманов, Ленгер қаласына Ольга Хан барып өнер көрсетулері тапсырылған. Баршоғыр-көмір, Екібастұз шахталарына концерттерімен әртістер бригадалары, концерттік-эстрадалық бригадалар жіберілген. Қарағанды көмір бассейндеріне қызмет көрсететін театрлардың директорларына, т.б. театрлардың қызметкерлеріне қойылымдарының көркемдік деңгейінің жоғары болуы, олардың дайындығы бойынша шығармашылық жұмысына, әсіресе заманауи тақырыптардағы, колхозшы шаруалар мен интеллигенцияның коммунистік қоғам құрудағы күресін көрсететін пьесаларды қоюына ерекше мән беру бойынша тапсырылған (ҚР ОМА, 70:24-28).

Кеңес Армиясының 31 жылдығы, Халықаралық 1 мамыр күні, Пушкиннің 150 жылдық мерейтойы, Октябрь революциясының 32 жылдығы, Сталиндік конституция күні И.В. Сталиннің 70 жылдығы сияқты мерекелер мен атаулы күндерді мерекелеу бойынша әдістемелік хаттар мен ұсынылатын репертуарлар тізімі де алдын ала жіберіліп отырған (ҚР ОМА, 72:50-51). Қазақ ССР-нің 30 жылдық мерекесіне әзірлік және оны өткізу туралы методикалық-нұсқау хат алдын ала жасалынып, барлық облыстық бөлімдерге көп дегенде 15-20 данадан жіберілген (ҚР ОМА, 85:135-136; 152-163). Қызыл отау активтерінің және аудандық лекторлар тобының күшімен «Сталиндік конституция – дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция», «Қазақ Республикасының даңқты 30 жылдығы», «Совет Армиясының 32 жылдығы» сияқты тақырыптарда лекциялар оқылып, баяндамалар жасау жоспарланған (ҚР ОМА, 85:27).

Аталған мұрағаттық материалдардың негізінде, Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы мерекелерді ұйымдастыру бойынша келесідей қорытындыға келеміз:

1. Мерекелерді ұйымдастырушы басты мекемелер – КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Мәдениет істері бойынша комитеті, Қазақ ССР Министрлер кеңесіне қарасты Мәдениет істері бойынша басқармасы, Халық шығармашылығы республикалық үйі және Республикалық ғылыми-әдістемелік кабинеті болған. Олардың негізгі мақсаты – мәдени-ағарту жұмысын ұйымдастыруда, атап айтқанда, мерекелерге концерттік бағдарламалар жасау, сахналық қойылымдар дайындау, ән мәтіндерін аудару және т.б. бойынша әдістемелік және шығармашылық көмек көрсету.

2. Мерекелерді тікелей ұйымдастырушы мекемелер – республикалық, облыстық, өлкелік және қалалық халық шығармашылығы республикалық үйлерін, сонымен қатар театрлық ұжым, музыкалық және көркемдік оқу орындары, көркемөнерпаздар үйірмелерін атауға болады.

3. Мерекелер өтетін негізгі орындар – мәдени-ағарту мекемелері, мәдениет үйлері, клубтар, кітапханалар, оқу үйлері (избы-читальни), малшылар үшін қызыл отаулар және т.б.

4. Мерекелерді ұйымдастыруға қатысушылар – музыкалық-вокалдық ұжымдар мен ансамблдер, атақты әншілермен қатар, көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері – агроном, омарташы, мұғалім, пошташы, мал технигі, кітапханашы, сауыншы, тракторшы және т.б. шаруалар. Республикамыздың барлық дерлік азаматтары, яғни шаруаларына дейін мерекелерді өткізуде белсенді қатысқан.

5. Ұйымдастырылған мерекелердің түрлері – Кеңес Армиясының 31 жылдығы, Халықаралық мамыр күні, Пушкиннің 150 жылдық мерейтойы, Октябрь революциясының 32 жылдығы, Сталиндік конституция күні, И.В. Сталиннің 70 жылдығы және т.б. мерекелер мен атаулы күндер.

Сауалнама деректері негізінде: Қазіргі Алматы облысы, Талғар ауданы, Белбұлақ ауылының тұрғындары – Н.В.Манько мен оның жұбайының естеліктерінде жаңа жыл, 1 мамыр, 7 қараша мерекелері жақсы мерекеленгені айтылады. Әсіресе 1 мамыр мен 7 қарашаға салтанатты шаралар өткізілген. Жаңа жылға мәдениет үйінде кештер, Жаңа жылдық бал ұйымдастырылған. Мерекелер алдында өздері арнайы бағдарламалар құрыстырып, өнер көрсетіп, концерттер берген. Әртістер келген, атақты әртістерден Н. Мардюкова, М. Жаров, қазақстандық әртістерден Өтегенов Б. Төлегеновамен бірге келген, кейде Р. Бағланова келіп, ән кештерін ұйымдастырған. Сол жылдары атақты болған Р. Жаманова өнер көрсеткен. Колхозшылар көруге тола келген, билеті 30 тиыннан, оны алуға колхоз төлеген екен. Себебі колхоздары «озат колхоз» болыпты. Бұл ақпараттарды мұрағатты құжаттармен нақтылауға да болады (ҚР ОМА, 118:91; 102:79).

Газет материалдары негізінде: Бүгінгі қоғамымыздың тыныс-тіршілігінен ақпарат беретін, өз кезеңінің хабаршысы – «Егемен Қазақстан» газеті 1945-1955 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» газеті деп аталынғаны белгілі. Аталған газет беттерінде сол жылдары қазіргі уақыттағыдай Қазақстан халқының күнделікті тұрмысындағы жаңалықтарымен қатар әлемде болып жатқан өзгерістер де жарияланып отырған, яғни әр жылдарда өз кезеңінің жаршысы болып табылады. Қазіргі уақыттағы мақалалардан ерекшелігі және біздің зерделеп отырған тақырыбымызға ең пайдалысы – соғыстан кейінгі онжылдықтағы мерекелеу мәдениетінен мол ақпарат беретін деректер көзі болып табылуы. Газетті зерделеу барысында әрбір мерекеге толық сипаттама берілетіндігі анықталды. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1946 жылғы 31 шілдедегі санында «Қазақстан комсомолының 25 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс» деген мақалада: «Кеше, Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының үйінде Қазақстан Лениншіл коммунист Жастар Одағының XXV жылдық мерекесіне арналған комсомол активінің партия, совет ұйымдары, өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы жастары және интеллигенция өкілдерімен бас қосқан мәжілісі болып өтті... Қазақстан комсомолының XXV жылдығы туралы ҚЛКЖО Орталық комитетінің секретарі Қанапин жолдас баяндама жасады... бұдан кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Сәтбаев жолдас құттықтау сөз сөйледі. Құттықтау сөзден кейін туысқан » деп тысқан Украина, Белоруссия, Тәжікстан және Қырғызстан комсомолдарының Орталық Комитеттерінің құттықтау телеграммалары оқылды. Астанадағы мектеп балалары мен пионер өкілдері ҚЛКЖО XXV жылдығын құттықтаған өлеңдер айтты... «Комсомол шыңына» шығып «Қазақстан комсомолының

XXV жылдығы» деген ту тіккен альпинистердің өкілі Айманов және Алтай руднигі, Ақмола облысы тағы басқа өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығы жастарының өкілдері құттықтау сөздер сөйледі... Бұдан кейін БЛКЖО Орталық Комитетінің Қазақстан комсомолының XXV жылдығына байланысты ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің алдыңғы қатарлы жастарын БЛКЖО Орталық Комитетінің грамотасымен наградтау туралы қаулысы оқылды... Салтанатты мәжілістің соңынан астанадағы ең таңдаулы артистердің күшімен үлкен концерт болды» деп мерелеу барысы толық суреттеледі. Келтірілген мысалдан жастарды бір бағытта, ортақ мүддеге жұмылдыруда комсомолдар ұйымының өз кезеңі үшін қаншалықты маңызды болғандығын көреміз.

Басқа мереке түрлеріне келетін болсақ та, басым көпшілігіне ортақ сипат – мәдени-ағарту мекемелерінде, мәдениет үйлерінде, клубтарда, мәжіліс залдарында, кітапханаларда, оқу үйлерінде (избы-читальни), кейде жұмыс орындарында және т.б. жерлерде алдымен салтанатты мәжіліс болып, баяндамалар оқылып, құттықтау сөздер айтылып, соңында концерттік бағдарламалар қойылған. 75 жылдан артық уақыт өтсе де, мұндай мерекелеу түрі бүгінгі қоғамымызда да жалғасын табуда.

Ал «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 4 мамырдағы санында «Республикамыздың қалаларында, ауыл селоларында Бірінші май демонстрациясы» деген атаумен Қарағанды, Шымкент, Өскемен, Семей, Петропавл, Орал, Қостанай қалаларында 1 май мерекесінің тойлануы туралы мақала жарық көрген. Барлық қалалардағы мерекелеудің ортақ белгілері келесідей:

1. Демонстрацияның басталуы: таңертеңгі 11.00.
2. Демонстрацияны бастаушылар: оқушылар, сосын озат кәсіпорындардың, фабрика, заводтардың жұмысшылары, стахановшылар, т.б.
3. Демонстрацияшылардың қолдарында: бейбітшілік символы – ақ көгершін, Сталиннің, басқа да белгілі тұлғалардың портреттері, бесжылдықтағы жетістіктері, ұрандар жазылған плакаттар, маталар, транспаранттар.
4. Демонстрацияның созылуы: 1-2 сағат.
5. Қатысушылар саны: 40000-100000.
6. Ұрандарды «уралап» қолдаған.
7. Мерекенің негізгі қорытындысы: бейбітшілікті, жеткен жетістіктерін насихаттау.

Соғыстан кейінгі онжылдықта мейрамды мұндай демонстрация түрінде өткізу 9 мамыр Жеңіс күніне және 7 қараша Ұлы октябрь социалистік революциясының мерейтойын мерекелеуге тән, яғни осы мейрамдарда жалпы халықтық шерулер сипат алған. Қазіргі қоғамымыздағы мерекелеу бойынша демонстрация түріндегі шеруді тек 9 мамыр Жеңіс күнінде әскерилердің шеруі ретінде көреміз.

«Социалистік Қазақстан» газетінің материалдары негізінде анықталған соғыстан кейінгі онжылдықтағы мереке түрлері:

1-кесте. Соғыстан кейінгі онжылдықтағы мереке түрлері.

Күні	Мереке атауы
21 қаңтар	Лениннің қайтыс болуына * ²³ жыл
23 ақпан	Совет Армиясы күні және Соғыс теңіз флоты күні
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні
22 сәуір	Лениннің туылғанына* жыл
1 мамыр	Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні
5 мамыр	Большевиктік баспасөз күні
7 мамыр	Радио күні
9 мамыр	Жеңіс күні
1 маусым	Халықаралық балаларды қорғау күні
15 маусым	Әуе флоты күні

* Мерейтойлық жыл мөлшері, мысалы, Сталиннің туылғанына * жыл – Сталиннің туылғанына 70 жыл.

3 шілде	Жамбылдың туғанына * жыл
23 шілде	Соғыс теңіз флотының күні
30 шілде	Қазақстан комсомолының * жылдығы
4 тамыз	Сталиндік теміржолшылар күні
18 тамыз	Авиация күні
21 тамыз	Шахтершілер күні
25 тамыз	Қызыл Армия тыл органдарын құрған күн
1 қыркүйек	Жаңа оқу жылы
3 қыркүйек	Империалистік Жапонияны талқандаған Жеңіс күні
8 қыркүйек	Танкшілер күні
2 қазан	Бейбітшілікті қорғау күресінің халықаралық күні
7 қараша	Ұлы октябрь социалистік революциясының * жылдығы
23 қараша	Сталиндік артиллерия күні
4 ноябрь	«Лениншіл жас» газетіне *жыл
5 желтоқсан	Сталиндік Конституция күні
20 желтоқсан	ССРО Одағының * жылдығы
21 желтоқсан	Сталиннің туылғанына * жыл
	Пушкиннің туылғанына * жыл
	Гогольдің туылғанына * жыл
	Жаңа жыл

Соғыстан кейінгі онжылдықтағы мереке түрлері шамамен 30, оның ішінде:

1) Атаулы күндер бойынша мерекелер – 13:

1. Совет Армиясы күні және Соғыс теңіз флоты күні
2. Большевиктік баспасөз күні
3. Радио күні
4. Әуе флоты күні
5. Соғыс теңіз флотының күні
6. Сталиндік теміржолшылар күні
7. Авиация күні
8. Шахтершілер күні
9. Қызыл Армия тыл органдарын құрған күн
10. Империалистік Жапонияны талқандаған Жеңіс мерекесі
11. Танкшілер күні
12. Сталиндік артиллерия күні
13. Сталиндік Конституция күні.

Атаулы күндермен байланысты мамандық иелері: әскерилер, теңізші, журналист, радио маманы, ұшқыш, теміржолшы, шахтерші, танкші, атқыш, т.б.

2) Мерейтойлық мерекелер – 10:

1. Лениннің қайтыс болуына * жыл;
2. Лениннің туылғанына * жыл;
3. Жамбылдың туғанына * жыл;
4. Қазақстан комсомолының * жылдығы;
5. Ұлы октябрь социалистік революциясының * жылдығы;
6. «Лениншіл жас» газетіне *жыл;
7. ССРО Одағының * жылдығы;
8. Сталиннің туғанына * (70) жыл;
9. Пушкиннің туылғанына * жыл;
10. Гогольдің туылғанына * жыл.

Бұл жердегі «жыл» дегеніне қарап, аталған мерекелерге неше жыл толғандығын көреміз. Ең жиі кездесетін мерейтойлық мерекелер: Лениннің туылғанына * жыл, Лениннің қайтыс болуына * жыл, Ұлы октябрь социалистік революциясының * жылдығы, Қазақстан комсомолының *

жылдығы. Яғни аталған мерекелер соғыстан кейінгі онжылдықта жыл сайын дерлік мерекеленіп отырған.

Қазіргі уақытқа дейін жеткен мерекелер – 6:

2-кесте. Қазіргі уақытқа дейін жеткен мерекелер.

Мереке күні	Бұрынғы атауы	Қазіргі атауы
	Жаңа жыл	Жаңа жыл
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні	Халықаралық әйелдер күні
1 мамыр	Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні	Қазақстан халқының бірлігі мерекесі
9 мамыр	Жеңіс күні	Жеңіс күні
1 маусым	Баларды қорғаудың халықаралық күні	Балаларды қорғау күні
1 қыркүйек	Жаңа оқу жылы	Білім күні

Жоғарыда келтірілген тізбектен көретініміз, соғыстан кейінгі уақытта пайда болған мерекелердің басым көпшілігі Ұлы Отан соғысымен тікелей байланысты. Бұдан шығатын қорытынды – сол жылдарда КСРО үшін жеңістің, сол жеңіске жетуде теңіз флотының, авиацияның, танкшілердің, артиллерияның қаншалықты маңызды болғандығы. Бұл мерекелердің уақыт өте қаншалықты кеміп, кейбірінің жойылуының КСРО-ның ыдырауынан бұрын, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің маңыздылығының өзгеруінен көруімізге болады. Мәселен, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда сол жылдардан бері сақталған мерекелердің, әсіресе 1945 жылдан кейін пайда болған 9 мамыр мерекесінің тарихи дамып, қазіргі уақытқа дейін жалпыхалықтық сипатта сақталуын – әлі де болса соғыс жылдарын көрген куәгерлердің болуында, әсіресе сол жылдарда Қазақстанға эвакуацияланған және департацияланған халықтар үшін тарихи жадтың сақталуынан, көпұлтты бүгінгі қоғамымызды біріктіруші болып табылуында деп есептейміз. Бұл мерекенің қатарына 1 мамыр – Қазақстан халық бірлігі мейрамын да қосуға болады.

Осы тұста атап өтеріміз, қазақ тілінде «мейрам» және «мереке» деген түсініктер қатар пайдаланылады. Десек те олардың мағыналары ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктері бар. Мейрам дегеніміз – тек бір ұлттың ғана емес, бірнеше ұлттарға ортақ, оларды біріктіруші феноменге ие, жалпыхалықтық, халықаралық деңгейде тойлату түрі. Мысалы, Наурыз мейрамы, Ораза айт мейрамы, Құрбан айт мейрамы, 9 мамыр – Жеңіс күні мейрамы, 1 мамыр мейрамы, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мейрамы. 2-кестеде келтірілген мейрам түрлерінің осы уақытқа дейін сақталып жетуінің өзінен осы мейрам түсінігінің кең мағынасын көруімізге болады.

Мереке дегеніміз – мемлекеттік деңгейдегі мемлекеттік мерекелік күндер, яғни сол мемлекетке ғана тән мерекелер. Олардың қатарына 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні, 30 тамыз – Конституция күні сияқты мерекелерді атауға болады. Яғни, мереке сол мемлекеттен басқа елдер үшін дәл сол мемлекетке маңызды болғандай, ортақтаса өз елінде де тойлайтындай дәрежеде болмайды. Мұндай мерекелердің қатарына белгілі бір кәсіп салаларына байланысты атаулы күндерді де қосуға болады. Мысалы, білім күні, әскерилер күні, құрылысшылар күні және т.б. Бұл мерекелер, әр мемлекетте әр түрлі уақыттарда тойланады немесе жалпыхалықтық сипатта емес, нақты бір мамандар шеңберінде ғана атап өтіледі, сондықтан да мерекелік сипатта болады. Жоғарыда келтірілген соғыстан кейінгі онжылдықтағы атаулы күндер мен мерейтойлық мерекелер де мысал ретінде мереке түсінігін толықтыра түседі.

Жоғарыда келтірілген материалдардың негізінде, Ұлы Отан соғысынан кейінгі онжылдықтағы мерекелеу мәдениеті туралы келесідей ортақ, жиынтық пікірге келеміз:

Мерекелерді ұйымдастырушы басты мекемелер – КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Мәдениет істері бойынша комитеті, Қазақ ССР Министрлер кеңесіне қарасты Мәдениет істері бойынша басқармасы, Халық шығармашылығы республикалық үйі және Республикалық ғылыми-әдістемелік кабинеті болған. Яғни вертикалды әдіспен жоғарыдан мерекені тойлау бойынша бұйрық шығарылып, төменге қарай реттілік бойынша орындалған. Мерекелерді ұйымдастыруда, атап айтқанда, мерекелерге концерттік бағдарламалар жасау, сахналық қойылымдар дайындау,

ән мәтіндерін аудару, өнер көрсетушілерді жіберу және т.б. бойынша әдістемелік және шығармашылық көмек көрсетуге дейін реттеліп отырған. Мерекелерді тікелей ұйымдастырушы мекемелер – республикалық, облыстық, өлкелік және қалалық халық шығармашылығы республикалық үйлерін, сонымен қатар театрлық ұжым, музыкалық және көркемдік оқу орындары, көркемөнерпаздар үйірмелері бұйрыққа және белгіленген жоспарға сәйкес мерекелерді мәдени-ағарту мекемелерінде, мәдениет үйлерінде, клубтарда, кітапханаларда, оқу үйлерінде (избы-читальни), малшылар үшін қызыл отауларда және т.б. жерлерде өткізіп отырған. Кеңес Армиясының 31 жылдығы, Халықаралық мамыр күні, Пушкиннің 150 жылдық мерейтойы, Октябрь революциясының 32 жылдығы, Сталиндік конституция күні, И.В. Сталиннің 70 жылдығы және т.б. мерекелер мен атаулы күндерді ұйымдастыруға музыкалық-вокалдық ұжымдар мен ансамблдер, атақты әншілермен қатар, көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері – агроном, омарташы, мұғалім, пошташы, мал технигі, кітапханашы, сауыншы, тракторшы және т.б. шаруаларға дейін белсенді қатысқан. Әрбір бесжылдық жоспарларды уақытында, кейде жоспарланған мөлшерден артық орындап жүрген шаруаларды бір жағынан қолдауда мерекелердің орны ерекше болғанын байқаймыз.

Сонымен қатар көпұлтты КСРО-ның әрбір жекелеген мемлекеттерінде көпұлттылық сақталынғандықтан оларды ортақ мүддеге жұмылдыруда да осы мерекелердің өзіндік маңыздылығы болғандығын көреміз. Себебі, біріншіден, мерекелер тек бір немесе бірнеше ғана мемлекет деңгейінде ғана тойланбай, КСРО орталығы деңгейінде мерекелеу бойынша бұйрықтар шығарылып, КСРО құрамындағы барлық мемлекеттерге ортақ деңгейде, соның ішінде көпұлтты Қазақстанда да тойланған. Екіншіден, 1 мамыр Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні, 9 мамыр Жеңіс күні, 7 қараша Ұлы октябрь социалистік революциясының мерейтойын парад түрінде жалпыхалықтық сипатта мерекелеуі де осының дәлелі болып табылады. Үшіншіден, «Сталиндік конституция – дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция» сынды тақырыптар мен лозунгтерден, сондай-ақ альпинистердің «Комсомол шыңына» шығып «Қазақстан комсомолының XXV жылдығы» деген ту тігуінің өзінен КСРО-ның идеологиялық саясатының қаншалықты деңгейде болғанын көреміз. Яғни соғыстан кейінгі онжылдықта мерекелеудің өзі идеологиялық сипатта болған деген қорытындыға келеміз.

Осы кезең тарихының бізге берер пайдасы – соғыстан кейінгі уақытта пайда болған мерекелердің басым көпшілігі Ұлы Отан соғысымен тікелей байланысты болғанымен, Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Жеңіс күні, Баларды қорғау күні, Білім күні мейрамдарының бүгінгі күнге дейін жеткен тарихи жалғастығы, осы мейрамдар нәтижесінде қанша ұрпақ өзара достық пен адамгершілікке тәрбиеленді және тәрбиелене бермек. Екіншіден, мұрағат материалдарынан көргеніміздей, сол кезеңде қаншама өнер және әдебиет туындылары дамып, халық арасынан жинақталып, том-том кітаптарға еніп бүгінгі ұрпаққа жетті. Сонымен қатар, республикамыздың барлық шеңберін қамтыған көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыстарының нәтижесінде қаншама өнер иелері қалыптасты.

Қорытынды. Белбұлақ ауылының тұрғыны Н.В. Маньконың естеліктерінде келтірілген мерекелер, жалпы мерекелердің қалай тойланғаны туралы естеліктерінен, мұрағат деректерінен, газет материалдарынан сол кезеңнің тарихи бейнесінен хабардар болсақ, екінші жағынан, бүгінгі күнге дейін жеткен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, 9 мамыр – Жеңіс күні мейрамдарының қазіргі уақытта да тойлануынан тарихи сабақтастық, ұрпақтардың рухани-мәдени жалғастығының жемісін көреміз.

Мейрамдар мен мерекелердің маңыздылығы – бүгінгі қоғамымызды біріктіруші, ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтушы, халықаралық байланысты жетілдіруші елеулі құрал болуымен қатар, бүгінгі ұрпақты әлеуметтендіру, рухани-мәдени қалыптастыруда, салт-дәстүрдің сақталуы мен мерекелеу мәдениетінің болашақ ұрпаққа берілуінде және ұлттық сананы жетілдіруінде деген қорытындыға келеміз.

Мақала ҚР БФМ № АР08052897 «Соғыстан кейінгі онжылдықтағы Қазақстан шаруалары: әлеуметтік трансформациялануы және күнделікті тұрмысы» жобасын іске асыру аясында орындалды.

Information about authors:

A.A. Bekenova – Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Kazakhstan, Almaty, E-mail: bek.alma_81@mail.ru, ORCID0000-0001-6034-900X.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

Аскарова А.Н. Социально-экономическое развитие Южного Казахстана в послевоенный период (1946-1959 гг.): дисс. на соиск. уч. степени канд. ист. наук. / – Алматы: 2004. – 130 с.

Әліқұлов К.А. Қазақстан ауылдары мен селоларының 1946-1980 жылдардағы әлеуметтік жағдайы: тарихы мен сабақтары: тарих. ғыл. докт. дис./Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты; ғыл. жет. Тұрсынбаев Ә.Б.– Астана: 2001. – 351 б.

Голиусова И.В. Гуманистическая значимость праздника. // Alma Mater. – 2013. №5, С. 83-84.

Горин Д. От карнавала к литургии: мотивы атеистической космогонии в главном советском празднике. // Неприкосновенный запас. 2015. №3. – С.78-88.

Журасова А.Ш. Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2000 жж.): тарих. ғыл. канд. дис. – Орал: 2007. – 143 б.

Қабылғазы К. Дәуір үні (оқу құралы). – Алматы: Арай, 2003. – 175 б.

Қазақстан комсомолының 25 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс. // «Социалистік Қазақстан» газеті. 1946 жылғы 31 шілде. – 4-б.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1862-қ., 1-тіз., 112-іс. 5-п.

ҚР ОМА.1862-қ., 1-тіз., 60-іс, 22-23-п., Іс 91. 7-п.

ҚР ОМА.1862-қ., 1-тіз., 60-іс,44-п.

ҚР ОМА.1862-қ., 1-тіз., 72-іс, 3-п.

ҚР ОМА.1862-қ., 1-тіз., 70-іс, 24-п.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 60-іс, 22-23-п.;102-іс. 74-81-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 102-іс, 51-п.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 102-іс, 78-п.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 102-іс, 30-31-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 118-іс, 91-п.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 118-іс, 27-30-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 70-іс, 3-5-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 70-іс, 19-23-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 70-іс, 24-28-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 72-іс, 50-51-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 85-іс, 135-136; 152-163-пп.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 85-іс, 27-п.

ҚР ОМА. 1862-қ., 1-тіз., 118-іс, 91-п.; 102-іс, 79-п.

Махат Д.А. Қазақстанда өміршіл-өкімшіл социализм жүйесін қалыптастырудың сталиндік концепциясының мерзімді басылымдарда насихатталуы (1925-1956 жж.). / тарих. ғыл. докт. дис. авторефераты. – Алматы: 2007. – 41 б.

Республикамыздың қалаларында, ауыл селоларында Бірінші май демонстрациясы. // «Социалистік Қазақстан» газеті. 1951 жыл. 4 мамыр. – 4-б.

Сатпаев Т.Я. Қазақстан шығармашылық одағы және олардың мәдени-рухани қызметі (1946-1970 жж.): тарих. ғыл. канд. дис. / Абай атындағы Алматы мемл. ун-ті; ғыл. жет. Әбжанов Х.М. – Алматы: 1995.– 212 б.

Слямбеков З. Қазақстан ауыл-селоларының қоғамдық саяси өмірі (1946-1960 жж.): тарих. ғыл. канд. дис. / Абай атындағы ҚазПУ; ғыл. жет. Нұрпеисов К. – Алма-Ата: 1992. – 191 б.

Соколовский С.В. Этнос и культура. Стигматы архаизации: анализ праздника и анализ текста. // Etnograficheskoe obozrenie. 2002-03-01EGO-No. 002. С. 47-57.

Төлеубаева К.М. Қазақстанның ауыл шаруашылық интеллигенциясы (1946-1965 жж.): тарих. ғыл. канд. дис. / Абай атындағы Алматы мемл. ун-ті; ғыл. жет. Әбжанов Х.М. – Алматы: 1995. – 196 б.

REFERENCES:

Askarova A.N. Social'no-ekonomicheskoe razvitie Yuzhnogo Kazakhstana v poslevoennyj period (1946-1959 gg.): diss. na soisk. uch.stepeni kand. ist. nauk. [Socio-economic development of Southern Kazakhstan in the post-war period (1946-1959): diss. for the degree of Candidate of Historical Sciences.] / – Almaty: 2004. – 130 s. (In Russian).

Alikulov K.A. Kazakstan auyldary men selolarynyn 1946-191980 zhyldardagy aleumettik zhagdajy: tarihy men sabaktary: tarih. gyl. dokt. dis. [Social status of villages and villages of Kazakhstan in 1946-1980: history and lessons: dissertation of the Doctor of Historical Sciences] / SH.SH. Ualihanov atyndagy Tarih zhane etnologiya instituty; gyl. zhet. Tursynbaev A.B.– Astana: 2001.– 351 b. (In Kazakh).

Goliusova I.V. Gumanisticheskaya znachimost' prazdnika. [The humanistic significance of the holiday] // Alma Mater.– 2013.№5, C.83-84. (In Russian).

Gorin D. Ot karnavala k liturgii: motivy ateisticheskoy kosmogonii v glavnom sovetskom prazdnike. [From Carnival to Liturgy: motives of atheistic cosmogony in the main Soviet holiday] // Neprikosnovennyj zapas, №3.– 2015. C.78-88. (In Russian).

Zhurasova A.Sh. Oral kalasynyn tarihy: aleumettik-ekonomikalyk zhane madeni damu aspektileri (1946-2000 zhzh.): tarih. gyl. kand. dis. [The history of the city of Uralsk: aspects of socio-economic and cultural development (1946-2000.): dissertation of the Candidate of Historical Sciences] / Abaj atyndagy Almaty meml. un-ti; gyl. zhet. Abzhanov H.M. – Oral: 2007. – 143 b. (In Kazakh).

Kabylgazy K. Daur uni (oku kuraly). [Tone of the Epoch (textbook)] – Almaty: Araj, 2003. – 175 b.

Kazakstan komsomolynyn 25 zhyldygyna arналган saltanatty mazhilis. [Solemn meeting dedicated to the 25th anniversary of the Komsomol of Kazakhstan] // «Socialistik Kazakstan» gazeti. 1946 zhyl. 31 shilde. – 4-b. (In Kazakh).

Kazakstan Respublikasynyn Ortalik memlekettik arhivi. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan] 1862-k., 1-tiz., 112-is. 5-p.

KR OMA [CSA RK]. 1862-k., 1-tiz., 60-is, 22-23-p., Is 91. 7-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 60-is, 44-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 72-is, 3-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 70-is, 24-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 60-is, 22-23-p.; 102-is. 74-81-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 102-is, 51-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 102-is, 78-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 102-is, 30-31-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 118-is, 91-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 118-is, 27-30-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 70-is, 3-5-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 70-is, 19-23-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 70-is, 24-28-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 72-is, 50-51-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 85-is, 135-136; 152-163-pp.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 85-is, 27-p.

KR OMA. 1862-k., 1-tiz., 118-is, 91-p.; 102-is, 79-p.

Mahat D.A. Kazakstanda amirshil-akimshil socializm zhujesin kalyptastyrudyn stalindik koncepciyasynyn merzimdi basylymdarda nasihattaluy (1925-1956 zhzh.). / tarih. gyl. dokt. dis. avtoreferaty. [Propaganda in periodicals of the Stalinist concept of the formation of the system of command and administrative socialism in Kazakhstan (1925-1956).] / abstract of the Doctor of Historical Sciences] – Almaty: 2007. – 41 b. (In Kazakh).

Respublikamyzdyn kalalarynda, aul selolarynda Birinshi maj demonstraciya. [May Day demonstration in the cities of the republic, aul villages] // «Socialistik Kazakstan» gazeti. 1951 zhyl. 4 mamyr. – 4-b. (In Kazakh).

Satpaev T.YA. Kazakstan shygarmashylyk odagy zhane olardyn madeni-ruhani kyzmeti (1946-1970 zhzh.): tarih. gyl. kand. dis. [Creative Union of Kazakhstan and their cultural and spiritual activities (1946-1970)): dissertation of Candidate of Historical Sciences] / Abaj atyndagy Almaty meml. un-ti; gyl. zhet. Abzhanov H.M. – Almaty:1995. – 212 b. (In Kazakh).

Slyambekov Z. Kazakstan auyl-selolarynyn kogamdyk sayasi omiri (1946-1960 zhzh.): tarih. gyl. kand. dis. [Socio-political life of villages of Kazakhstan (1946-1960): dissertation of Candidate of Historical Sciences] / Abaj atyndagy KazPU; gyl. zhet. Nurpeisov K. – Alma-Ata: 1992. – 191 b. (In Kazakh).

Sokolovskij S.V. Etnos I kul'tura. Stigmaty arhaizacii: analiz prazdnika I analiz teksta. [Ethnicity and culture. Stigmata of archaization: holiday analysis and text analysis.] // Etnograficheskoe obozrenie. 2002-03-01EGO-No. 002. S. 47-57. (In Russian).

Toleubaeva K.M. Kazakstannyn auyl sharuashylyk intelligenciyasy (1946-1965 zhzh.): tarih. gyl. kand. dis. [Agricultural intelligentsia of Kazakhstan (1946-1965)): dissertation of Candidate of Historical Sciences] / Abaj atyndagy Almaty meml. un-ti; gyl. zhet. Abzhanov H.M. – Almaty: 1995. – 196 b. (In Kazakh).

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушкумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРІСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ІШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Тұрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҒАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенов Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА Өңіріндегі далалық зерттеулер материалдары бойынша.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Б.Б. Бурханов О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....	4
А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	15
А.Т. Капаева ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....	27

ИСТОРИЯ

У.М. Агатай ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....	41
А.А. Бекенова КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....	56
Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....	70
Р. Закарья ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ, А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....	81
Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....	98
И.В. Крупко СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ: В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....	112
А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....	126
М. Калыбекова ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	138
Д.Б. Касымова КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	151
М.М. Козыбаева	

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Куанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА

В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ

ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:

СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:

ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ

В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК

(ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Kapaeva THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR: PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....	301
---	-----

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....	314
--	-----

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND: THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....	329
---	-----

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....	340
---	-----

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....	353
--	-----

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN SARYARKA.....	361
--	-----

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	370
---	-----

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK (PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....	384
--	-----

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....	393
--	-----

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.